

**ТҮРКІСТАН**

*Халықаралық саяси ақпараттық газеті*

## СЕГІЗ ЖАСЫНДА ТҮРМЕ КӨРГЕН 85 ЖАСТАҒЫ ӘЖЕНІҢ ӘҢГІМЕСІ

Үлкен дастархан басында сексеннің сенгіріне шыққан әжей сөйлеп отыр. Сөздері ірі, өктемдеу. Алысырақ отырсам да кейуананың сегіз жасында шешесімен бірге түрмеге қамалғанын құлағым шалып, аз-кем сөзге тартқанымда, ол кісінің Ырғыз өңіріндегі Тоқа Сәтбайдың немересі екенін білдім. Ара-тұра аузына сөз салып, өзіме қажетті деректерге қарай бұрып отырдым. Сөз арасында Дина апай:

*... Сәтбайұлы Саудабек,*

*Атадан туған асыл-тек.*

*Үш жүз білген дабысын,*

*Хабарына қандырған*

*Петербор, Мәскеу шаһары,*

– деп әңгімесін тақпақтай бастаған. – О дариға, бәрін де бір Алла біледі ғой, сол Сәтбай бабадан тараған ұрпақтар кеңестік саясаттың нәтижесінде тым-тырақай болып, басы ауған жаққа бытырап кетті. Менің өзім Сәтбай бабамыздан тараған ұрпақтардан кімдер бар, қайда тұрып жатыр, нақты хабарым жоқ. Еміс-еміс әр жерде туысқандардың барлығын естиміз. Бізді ағайыннан ажыратқан – кеңестік саясат. Айыбымыз – бай болғандығымыз. Атағы таудай болып естілетін Сәтбай бабамыздан тараған ұрпақтардан нақты деректер таба алсаң, бізге де айтарсың.

Міне, сол уақыттан бері қолым жеткен мұрағаттардан Сәтбай Ақбанұлы, оның балалары Саудабек, Нұржан, Бижан, Ержан атты ер балалары болғанын анықтадым. Әңгіме желісін бастаған апамыз Дина сол Сәтбай бидің Ержанынан туады екен.

Сонымен сан-қырлы мұрағаттардың түрлі қатпарларын қарап, оларға қатысты деректерді іздей бастадым. Олардың тұстастары болған ақын-жыраулардың өлеңдерінен, орыс шенеуніктерінің естелік-жазбаларынан там-тұмдап іздедім. Іздеу нәтижесінде Тоқа Сәтбай оның балалары туралы мұрағат пен түрлі басылымдардан үзік-үзік дерек көздері шықты.

Сәтбай Ақбанұлы кім болған, елге қандай жақсылықтар жасады. Халқына несімен қадірлі болды? Оны ХІХ, ХХ ғасырларда өмір сүрген көрнекті ақындар: Құрманалы, Қарасақал Ерімбет, Оразымбет жыраулардың

өлең-жырларынан да білуге болады екен. Мысалы, Құрманалы ақын:  
*... Тоқадан шығып би болды,*

*Кешегі Сәтбай данышпан.*

*Белгілі жүйірік озбай ма?*

*Қизаштаған шабыстан,*

– деп оның билік иесі, ел тұтқасын ұстаған, білікті басшы екенін нақтылай түседі.

Ырғыз, Шалқар өңірінде Сәтбайдың есімі атақты Алмат сардармен қатар аталады. Сәтбай Ақбанұлы 1818-1820 жылдарда туса керек. Өйткені оның есімі Торғай облысы басқармасының 1850-1880 жылдарындағы құжаттарынан кездесті. Әуелде түтін пұл жинаудың, дистанцияның бастығы болса, 1869 жылдан бастап Ырғыз уезіндегі Тәуіп болыстығының болысы болып сайланады. Екінші бір деректе 1878 жылдың 9 наурызында Торғай облысы әскери губернаторының бұйрығымен үш жылға тағы да болыстыққа сайланады. Үшінші бір құжатының Тәуіп өзені бойында шабындық жері және қыс қыстауының барлығы, оларды арнайы күзеттің қарауылдайтыны, 1,5 түтінді тікелей Сәтбайдың басқаратыны ашып жазылыпты.

Сәтбай би балаларын оқытып, елді отырықшылдыққа бастаған, елдегі мешіт, мектеп ашу ісінде белсенділік танытқан және оларға қамқоршы болғандардың бірі. Ол замандастары Алмат, Самұрат, Қара, Дербісәлі тағы басқа тұлғалы азаматтар мен сыйлас, құдандалы болған. Сәтбай балаларының ішінде үлкені Саудабек (Сауда) есімі аса құрметпен аталады.

Саудабек Сәтбайұлы шамамен 1850-1852 жылдарында өмірге келген. Ырғыздағы мектепте оқыған. 1880-1881 жылдары Тәуіп болысына кандидат, кейіннен 1884 жылдан бастап әр жылдарда, 18 жыл болыс болып, ел басқарған. Оның Ырғыз уезінің кейбір іс-қағаздарында ол атап айтқанда:

1893-1896, 1884-1888, 1890-1896 және 1901-1904 жылдары Тәуіп болысы болғанын жазған. Сондай-ақ патша генералдарынан алтын сағат және Станиславский лентасымен марапатталған. Жасы келе Меккеге қажылыққа барып, дін жолына біржола бет бұрады. 1930 жылғы Ырғыздағы көтерілісшілерге бүйрегің бұрылды деп Саудабекті Арал, Ақмешіт түрмесіне қамалады, 1931 жылы түрмеде қайтыс болып, туыстарының сұрауымен Тәуіпке жерленеді. Саудабектен – Ахмедияр, Үмбетияр тарайды. Ахмедиярдың ұрпақтары Челябин облысында тұратын көрінеді. Сәтбайдың екінші ұлы Нұржан шамамен 1871-1872 жылдары өмірге келген. Ырғыздағы

мектепті бітірген. Орыс шенеуніктерінің жазбаларында оның орысша, қазақша сауаттылығы айтылып, болыстыққа талас болғанда, әскери губернатор 1905 жылы басқаны жаратпай Нұржан Сәтбайұлын Тәуіп болысы етеді. Ол 1892-1893 жылдары Тәуіп болысының №4 ауылының халық соты, 1895-1898 жылдары болысқа кандидат болған. Оның Наубет, Қаумет есімді балаларынан тараған ұрпақтар Аралда тұратын көрінеді.

Бижан Сәтбайұлы туралы құжаттарда 1899 жылы оның 26 жаста екені айтылады. Сонда ол 1873 жылы туған болып шығады. Ағалары сияқты Тәуіп болысында билікке араласып 1904-1910 жылдары халық соты қызметін атқарған. Елдің бірлігіне, тірлігіне араласады. Әділ шешімінен болса керек, ел аузында «бітісетін болсаң Бижанға бар» деген сөз бар. Бижан Тәуіпте жерленген. Бижаннан – Әмірхан, одан – Данияр т.б. балалары болған. Бижан ұрпақтары бүгінде Өзбекстан өңірінде.

Сәтбайдың кенжесі Ержан ағасы Саудабекпен бірге Торғай облысының вице-губернаторы Эверсман өткізген (1916 ж.) съезге қатысып, көптеген түйінді мәселелерді шешуге ықпал еткен. 1928 жылдың 25 қыркүйек күнгі байларды тәркілеу қаулысына орай мал басы, адам жаны есепке алынып, жан-жақтан қыспаққа алынады. Өйткені малдың көбі Ержанда болған және 1911-1917 жылдарда Тәуіпте болыс болған. 1916 жылғы тылдың қара жұмысына адам беру ісіне де араласқан. Оның мал-мүлкі хатталып 1928 жылдың 3 қазанында Қарқаралы округіне ірі байлардың қатарына жатқызылып, 8 жылға жер аударуға шешім шығарылады. Оның 176 бас ірі қарасы, қыстау қорасы, киіз үйі, текемет, кілемдері, тарантасы тәркіленіп, өзі сайлануға, сайлауға құқығынан айырылады.

Е.Сәтбайұлы тәркілеу комиссиямен, қазақ үкімет ұйымдары басшыларына арызданып, 72 жастағы шешесі Балжанмен атастырылып қойылған қызы Фатиманы туған жерде қалдырып, қызының жасауына тимеуді сұрайды. Арызы қанағаттандырылып, шешесі Балжан Шалқарда қалдырылып, қызы Фатима Қармақшыдағы Байзақ баласы Әбдірасілге мол жасауымен ұзатылған.

Ержанның үйіне бөтен-бөгде адамдар кіре алмайды екен. Шақырусыз келсе жазалаған, үйіне рұқсатсыз келген Ә.Нұрқайұлын суық қораға қамағаны туралы тәркілеу қағаздарында жазылған екен. Ал өздері Ержан әйелі мен ұлы Әбіш, қызы Дина 1929-1930 жылдары Қарқаралы ауданында тұрады. Мұнда да көптеген қиыншылықтарға кездескен Е.Сәтбаев 1930 жылы Омскіге қарай қашады. Жолай ұсталып Қызылжар қаласына айдалады. Ержан баласы Әбіш пен әйелі, қызы Динамен бір түрмеде болады. Түрмедегі

жағдайларды еске алса Дина апайды бір мұң басады. – Қалай босатылғанымызды білмеймін, 1932-1933 жылдары Қарақұмға, кейіннен Аралға келіп тұрақтадық. 1934 жылы әкемді Сібірге ағаш кесуге алып кетті. Сол жақтан арып-ашып келді де, көп ұзамай қайтыс болып, Ырғызда жерленді. Бірде Қызылорда, Қармақшы, Оңтүстік Қазақстанда болдық. Әйтеуір өмір сүру үшін күрестік дейді ол.

Әңгіме барысында Әбіштің түрлі қызметтерде болып, 1942 жылы майданға алынып, содан хабар-ошарсыз кеткені, өзінің Өзбекстанның Сухандария облысындағы апасы Фатиманы сағалап барғаны, ондағы қызметі Қызылорда мен Қармақшыда оқып 6 сыныпты бітірген білімінің пайдаға асқанын, жай есепшіден «Шаршы» аудандық комсомол комитетінің хатшысы болғанын, кейінде басқа да қызметтерді абыроймен атқарғанын, туған елге 1971 жылы Қарағандыға оралып, қазір Алматыда тұрып жатқанын айтады Дина апай.

85 жастағы қария Дина Ержанқызы жасында көп көрген қиыншылықтарын жапырақ жайған ұл-қыздарының қуанышты жүзі, шаттық өмірі әлдеқашан-ақ ұмыттырып жіберген. Ержанның қыздары Фатима мен Дина да ата-баба қасиеттерін бойларына терең сіңірген ұрпақ болды. Іштегі бір өкініштісі, Сәтбай ұрпақтарының бай, би-болыс болдың деп кеңестік кезеңде қудаланып, шұбырындыға ұшырағаны, олардың ел-жұртына еткен қызметтері тәуелсіздік алған 16 жылдың беделінде аталмай отырғанын қынжыла сөз етеді.

*Тынышбек ДАЙРАБАЙ, зерттеуші, этнограф*